

№ 1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

31.08.2023

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «2023-2024 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары»

Күні: 31.08.2023 ж.

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жазғы сауықтыру мерзімінің қорытындысы (әдіскер К.К.Изжанова);
2. 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту (әдіскер К.К.Изжанова);
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестелерін, күн тәртіптерін бекіту (әдіскер К.К.Изжанова);
4. «2023-2024 о.ж. әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру» (педагог-дефектолог Б.С.Кияшева);
5. Педагогтер мен қосымша мамандардың перспективалық жылдық жоспарларын бекіту (тәрбиешілер қосымша білім беру мамандары);
6. Аттестатталушы педагогтердің құрамын бекіту, аттестаттаудан өткен педагогтерге куәліктерін табыстау (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
7. Жаңа оқу жылына топ жетекшілері мен хатшыларды сайлау (меңгеруші С.С.Баймағамбетова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша әдіскер К.К.Изжанова 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жазғы сауықтыру мерзімінің қорытындысы туралы айтты:

2022-2023 о.ж. жазғы жоспарға сәйкес, I-маусым балаларды қорғау күніне арналып, ересек және мектепалды даярлық топтары арасында «Бала-өмірдің гүлі!» тақырыбында өткізілді. Мақсаты – балаларға ерекше мерекелік көңіл күй сыйлай отырып, өздерінің мейрамдарын сезіндіру, өздерін жайлы, махаббатқа толы ортада өсіп жатқандықтарын ұғындыру, өздеріне деген ерекше ықыласты, махаббатты, құрмет сезімдерін ұғындыру, бақытты балалық шақты білдіру.

Мерекелік іс-шара балабақша ауласында, жаздың жайма шуақ күнінде, ашық аспан мен жарқырап тұрған күннің астында өткізілді. Балалардың мейрамдарын сезіндіру үшін отбасының суреті бейнеленген үлкен бөлер мен түрлі түсті шарлар ілінді, сонымен бірге әдемі ертегі артибуттары қойылды.

Балақайлардың көңіл күйлерін көтеру үшін ортаға Сайқымазақ, көбелек және Африкадан піл келіп, бүлдіршіндермен бірге көңіл көтеріп, түрлі ойындар ойнатты. Балалар түрлі түсті бормен асфальтқа суреттерін салып, ойыншық мылтықтарымен су бүркіп ойнады. Балаларға жанбыр, кемпіркөсак туралы жұмбақтар жасырылды. Мерекенің соңында балаларға жылы тілектер мен жылы лебіздер айтылып, түрлі түсті көңілді шарларын аспанға жіберіп, тілектерінің орындалуын тіледі. «Балабақша» әндері шырқалып, заманауи «Тик-ток», флеш-моб билерін балалар биледі. «Шапшаң бол», «Кедергілерден өт» кимылды ойындары ойнатылды.

«Нептун күні» сауықтыру іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты – балалардың су туралы түсініктерін кеңейту, мерекелік көңіл күй сылау, Нептун мейрамының мәнін ұғындыру, балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойын-сауықтың басында жүргізуші балалардың назарын суда жүзіп жүрген бөтелкеге аудартады. Балалардың қызығушылықтарын балаларға суга байланысты жұмбақтар жасырылып, толқын судың әуенімен Су Сүлеймені мен кіші қызы келді. Су Сүлеймені кіші қызынан неге мұғайып тұрғанын сұрады, қызы інжу моншағын жоғалтып алғанын айтты. Осы кезде оқиға желісі шиеленісіп, ортаға қарақшылар келіп, мерекенің шырқын бұзатынын айтты. Балалармен түрлі спорттық және қимылды ойындар ойнатылды. «Теңізшілер», «Бақалар» билерін билеп, «Жаңбыр», «Бала, бала, балалық» әндерін шырқады, мерекенің көркін қыздырды.

Мерекелік сауықтыру іс-шарасы аяқталғаннан кейін балалар өздерінің ыдысқа құйып, дайындап келген суларын бір-біріне шашып, әрі қарай су мерекесі жалғасып, балалар да, тәрбиешілер де мәз болды.

30-тамыз күніне орай «Ата Заңым-ұраным!» ертеңгілігі өткізілді. Мақсаты - бүлдіршіндерге Конституция мерекесін ұғындыру, мемлекеттік рәміздерімізді насихаттау, рәміздерге құрмет сезімдеріне тәрбиелеу, балаларды патриоттық сезімдерге тәрбиелеу, елі мен жерін сүйуге үйрету.

ҚР-ың Гимнімен басталған мерекелік концертке қатысқан балалар шығып, Қазақстан халқына ыстық сәлемдерін жолдап, барша халықты мерекемен құттықтады. Бүлдіршіндер мың бұрала би билеп, Отан, туған жер туралы әндерін шырқап, тапқатарын айтты. Балаларға Ата Заңымыздың мәні, мағынасы туралы түсіндіріліп, әртүрлі конкурстар, викториналар ұйымдастырылып, түрлі ойындар мен жағдаяттар арқылы балаларға адам құқығын қорғау туралы мәліметтер берілді. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийі тақырыпты ашатындай мазмұнды және мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшелігіне сай алынған, кішкентай бүлдіршіндердің танымдық қабілеттерін арттырып, тәрбиелік мәнді көздейтіндей құрылған. Мерекелік іс-шараның көркін қыздыратындай ғажайып сәттер ұйымдастырыла білді. Мерекелік концерт соңында кішкентай бүлдіршіндер ортаға шығып, татулық пен ынтымақтастық символы болып есептелетін «Бір шаңырақ астында», «Бейбітшілік жасасын!» композициялық билерін билеп және «Отан», «Жақсы көремін» әнін шырқады. Концертке келген балабақша ата-аналары ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер әдіскер К.К.Изжанова 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды:

«№9 «Жұлдыз-Ай»» бөбекжай-балабақшасы » МКҚК- ның 2023-2024 оқу жылдарына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

МДҰ-ғы дене шынықтыру-сауықтыру және шынықтыру шаралары арқылы тәрбиеленушілердің денсаулықтарын физикалық және психикалық жағынан сақтау және нығайту. Балалардың бойында саламатты өмір салтын ұстанудың

Міндеттері:

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- спорттық іс-шаралар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту;
- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдылық және сөйлеу қабілеттерін дамыту.
- Педагогтердің денсаулық сақтау техникасының білімдерін көтеру, арттыру.
- МДҰ-нда қалыптасқан дене шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы
- тәрбиеленушілердің физикалық және психикалық денсаулықтарын сақтау және нығайту. Әрбір отбасыға психологиялық-педагогикалық көмек көрсете отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, нығайту, білім беруді дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың құзыреттіліктерін көтеру

3.Үшінші сұрақ бойынша әдіскер К.К.Изжанова ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестелері, күн тәртіптеріне тоқталды.

4.Төртінші сұрақ бойынша педагог-дефектолог Б.С.Кияшева 2023-2024 о.ж. арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды:

Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірлестік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;

- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қайыпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Тәрбиелеу-білім беру процесі

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту **Модельдің 22-35 т.**

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда

балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады (4-қосымша). Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады. 17

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

5.Бесінші сұрақ бойынша тәрбиешілер қосымша білім беру мамандары перспективалық жылдық жоспарларын таныстырды.

Жаңа оқу жылындағы өзгерістерге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартының өзгеруіне байланысты жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары бір ғана айға «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып құрылды. Яғни ұйымдастырылған іс-әрекеттің қыркүйек айына арналған перспективалық жоспарындағы міндеттер № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасынан алынды.

6. Алтыншы сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстыру, педагогикалық әдеп кеңес құрамымен таныстырды:

- Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растau) қағидаларын бекіту туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20618 болып тіркелді.

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растau) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес құрылады:

"педагог-модератор" біліктілік санаты үшін - білім беру ұйымының деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: білім беру ұйымының жоғары білікті педагогтері, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты үшін - қала (аудан), облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, білім беру ұйымдарының, қаланың (ауданның) жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру ұйымдарының, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты үшін - облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру ұйымдарының, республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдардың жоғары білікті педагогтері, тиісті саланың уәкілетті органының, біліктілікті арттыру ұйымдарының, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-шебер" біліктілік санаты үшін - облыстың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың білім беру ұйымдарының жоғары білікті педагогтері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы басшысының бұйрығымен бекітілетін біліктілікті арттыру ұйымдарының, қамқоршылық кеңестердің, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері.

Осыған сәйкес, жаңа 2023-2024 о.ж. балабақшамыздың төмендегі педагогтері аттестаттаудан өтеді. Соның ішінде педагог-модераторға Нуралина Лаура Нурлановна, педагог-сарапшыға, Кияшева Батима Сабитовна-жоғары білімді, дефектолог, екінші санатты педагог, Тлеумагамбетова Жумагул Онаевна – бірінші санатты тәрбиеші тапсырады.

7. Жетінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова жаңа оқу жылына топ жетекшілері мен хатшыларды сайлады:

- педагогикалық кеңестің хатшысы-Л.Н.Нуралина;
- семинардың хатшысы- А.Р.Таженова;
- әдістемелік кеңес отырысының хатшысы - А.Р.Таженова;
- жас мамандар отырысының хатшысы-Ө.Л.Н.Нуралина.

Шешімі:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жазғы сауықтыру мерзімінің жұмысы қанағаттанарлық деп бағалынсын;
2. Жаңа 2023-2024 о.ж. оқыту-тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспары бекітілсін;
3. Балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруда 2023-2024 о.ж. әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын;
4. Педагогтер мен қосымша мамандардың перспективалық жылдық жоспарлары бекітілсін;
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері және 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып, күн тәртіптері бекітілсін;
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып, 2 кіші топ, 2 ортаңғы топ, 2 ересек топ болып жасақталсын;
7. Педагогикалық кеңестің хатшысы Л.Н.Нуралина, семинардың хатшысы А.Р.Таженова, әдістемелік кеңестің хатшысы А.Р.Таженова, жас мамандар отырысының хатшысы Л.Н.Нуралина болып сайлансын;
8. 2023-2024 оқу жылына аттестаттаудан өтетін педагогтер Нуралина Лаура Нурлановна, Кияшева Батима Сабитовна, Глеумалимбетова Жумагул Онаевна аттестаттау кезеңіне дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізілсін.

Торайымы:

Б.С.Кияшева

Хатшы:

Л.Н.Нуралина

